

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті



**2023-2029 жылдарға арналған
6B07303 «ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ КАДАСТР»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ**

(өзгертулер мен толықтырулар)

Орал -2023 ж.

МАЗМҰНЫ

- 1 Білім беру бағдарламасының (БББ) даму жоспарының төлқұжаты
- 2 БББ Аналитикалық негіздемесі
- 2.1 Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат
- 2.2 Білім алушылар туралы мәлімет
- 2.3 БББ дамуы үшін ішкі жағдайлар
- 2.4 Қоршаған қоғамға тән белгілер
- 2.5 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ПОҚ туралы ақпарат
- 2.6 БББ жетістіктердің сипаттамасы
- 3 БББ дамыту жоспарымен шешілетін мәселелердің сипаттамасы және оларды шешу қажеттілігінің негіздемесі
- 4 БББ дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері оны жүзеге асыру мерзімдері мен кезеңдері
- 5 БББ үшін ықтимал қауіптердің әсерін азайту шаралары
- 6 БББ бағдарламасының дамуы үшін қажетті іс-шаралар жоспары
- 7 БББ даму жоспарын жүзеге асыру механизмі
- 8 БББ даму жоспарын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау
- 9 Оқу деңгейлері бойынша БББ бітірушілер моделі

1. 2023-2029 жылдарға арналған 6B07303 «Жерге орналастыру және кадастр» білім беру бағдарламасының даму жоспарының төлқұжаты

1	БББ даму жоспарын әзірлеу негіздері	- Білім беру бағдарламасын жүргізуге №KZ70LAA00005828 лицензия, қолданылу мерзімі – шектеусіз, берілген күні 30.09.2015 ж., ҚР БҒМ ҚКСОН 23.09.2015 ж. № 1272 бұйрығы, 01.04.20 № 066 қосымша; - ПҚ-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; - Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; - Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары; - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары.
2	БББ даму жоспарының негізгі әзірлеушілері	БББ әзірлеу бойынша Академиялық комитеттің бекітілген құрамы: - АК жетекшісі – кафедра меңгерушісі - БББ бойынша жетекші ПОҚ – 2 кем емес - жұмыс берушілер, маман-практиктер – 3 кем емес - білім алушылар - 2 кем емес.
3	БББ дамыту жоспарын орындау мерзімдері	2023-2029 ж.ж.
4	Қаржыландыру көздері мен көлемі	Жеке меншік және шаруашылық келісім шарт негізіндегі қаражаттар
5	БББ дамыту жоспарын іске асырудан күтілетін соңғы нәтижелері	- жер қатынастары, жерге орналастыру, кадастр, жылжымайтын мүлікті бағалау, іздестіру, ғылыми-зерттеу, геодезиялық жұмыстар салаларында тереңдетілген кәсіби дайындығы бар, еңбек нарығының талаптарына сәйкес біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандарды даярлау тез өзгертін әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тез бейімделу; - білім сапасын арттыру; - кадрлық, ақпараттық, ресурстық, материалдық-техникалық әлеуетті жаңғырту; - түлектерді жұмысқа орналастыру.

2. Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат

1. Білім беру бағдарламасының мазмұны мынадай құжаттармен айқындалады:
 - Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (05.05.2020 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
 - Университет ішлік нормативтік құжаттар;
 - Элективті пәндер каталогы (ЭПК);
 - Жұмыс оқу жоспарлары (силлабустар).
2. Білім беру бағдарламасы модульдік оқыту принципі бойынша әзірленген.
3. Студенттердің БББ бойынша дайындық деңгейіне қойылатын талаптар бірінші оқу деңгейінің (бакалавриат) Дублин дескрипторлары негізінде анықталады.
4. Студенттердің оқу нәтижелері бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жеке модульдер мен БББ оқу пәндері деңгейінде де анықталады.
5. БББ 6В07303 «Жерге орналастыру және кадастр» бірегейлігі мынада: кәсіби стандарттарды, жұмыс берушілердің пікірлерін және жерге орналастыру, жер және меншік қатынастарын басқару, жер есебін жүргізу саласындағы ұсыныстарды ескере отырып, әзірленген бағдарлама Қазақстанның Батыс өңіріндегі өнеркәсіп кәсіпорындарының кадр мәселесін шешуге, теорияны практикамен біріктіруге мүмкіндік беретін және түлектердің кәсіби ортаға тез бейімделуіне көмектесетін оқу үдерісіне жұмысшы практиктерді жұмылдыру.

2.2 Білім алушылар туралы мәлімет

Оқу түрі	Орта білім беру мектеп базасындағы білім алушылар саны	ТжКБ негізінде білім алушылар саны	Жоғары білім негізінде білім алушылар саны	Шет елдерден келген білім алушылар саны	Білім гранты бойынша оқитын білім алушылар саны
күндізгі	22	36	-	-	10

2.3 БББ дамуы бойынша ішкі шарттары

Бакалаврларды дайындау үшін кафедрада заманауи оқу-зертханалық кабинеттер, техникалық оқу құралдары, көрнекі және демонстрациялық материалдар бар. БББ жүзеге асыру заманауи оқу құралдарымен жабдықталған оқу кабинеттері, мамандандырылған кабинеттер, аудиториялар мен дәрісханалар бар. Аудиториялардың, зертханалардың және оқу кабинеттерінің санитарлық жағдайы талап етілетін нормативтік құжаттарға сәйкес келеді. Әрбір аудитория үшін орындар, инвентарлық қорлар көлемі және алып жатқан аумақ көрсетілген төлқұжат жасалды. Денсаулықтарының шектеулі мүмкіндіктері бар адамдар үшін қозғалыс бағыттарының, пандустары бар баспалдақтардың қайталануы, дәретхана кабиналарының қолжетімділігі қарастырылған. Компьютерлік технологияға ерекше көңіл бөлінеді. Білім беру бағдарламаларын пәндердің оқу, ғылыми және оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз ету 100%-ды құрайды. Кафедраның ПОҚ жеке компьютерлермен және тегін қол жетімді интернет желісімен қамтылған. Барлық ғимараттарда тегін Wi-Fi бар. Сәулет және құрылыс кафедрасының міндеттерінің бірі жетекші университеттермен бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу болып табылады, оны жүзеге асыру оқытушылар мен студенттердің академиялық алмасуы арқылы ғылыми негізделген халықаралық интеграцияға бағытталған. Академиялық ұтқырлық келесі университеттермен жүзеге асырылады: Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Мәскеу халықаралық академиясы. Жұмысшы-практиктерді оқу үдерісіне жұмылдыру, теорияны практикамен біріктіруге мүмкіндік береді және түлектердің кәсіби ортаға тез бейімделуіне көмектеседі. Білім алушылар кәсіби практиканы облыстың жетекші кәсіпорындарында өтеді: «Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы» ММ, «БатысПроектСервис» ЖШС, БҚО бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Орал ауылшаруашылық

тәжірибелік станциясы» ЖШС, «КАЛИНА-проектстрой» ЖШС, «Уралводпроект» ЖШС, «Уральскводстрой» АҚ, «Кульман» ЖШС.

2.4 Қоршаған қоғамға тән белгілер

Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі басым бағыт – білім алушыға бағдарланған оқыту, оның жеке қабілеттерін ашу, білім алушыны оқу үдерісіне белсенді және қызығушылығы мол танытушы етіп қалыптастыру. Білім беру ортасының негізі оның әлеуметтік құрамдас бөлігі болып табылады, БҚИТУ дәстүрі мен бейнесіне қатысты, өзара жауапкершілік, моральдық және эмоционалдық климат; студенттерді әлеуметтік қолдау, білім беру қызметінен тыс шаралар (спорттық секциялар, ғылыми қоғамдастықтар және т.б.) болып табылады. Негізгі құрамдас бөліктердің бірі сонымен қатар интеллектуалды және дамытушы орта болып табылады: дамыта оқытудың заманауи технологиялары (интерактивті оқыту әдістері), әртүрлі пәндер бойынша элективті курстар жүйесі. Белгілі бір тақырып бойынша білімді меңгеруге арналған білім беру бағдарламаларының бағыттары, әртүрлі деңгейдегі зияткерлік сайыстар жүйесі (пәнаралық және пәнаралық олимпиадалар, конкурстар, турнирлер, интеллектуалдық марафондар, ойындар және т.б.), дарынды білім алушыларды қолдау жүйесі. Білім беру ортасы құрылымының барлық құрамдас бөліктері ашық, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік бар, бұл оқу іс-әрекетіне мотивацияның артуына, коммуникативті дағдылардың қалыптасуына әкеледі.

2.5 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ПОҚ туралы ақпарат

Барлық ПОҚ	оның ішінде			
	штаттық	ғылыми дәрежелері бар	магистрлар	кемінде 3 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар
25	23	14	11	2

ПОҚ біліктілігін арттыру (соңғы 3 жылда)

Шетелдегі жоғары оқу орындарында курстарды бітірген профессорлық-оқытушылар құрамының саны	Қазақстанның жоғары оқу орындарында курстарды бітірген профессорлық-оқытушылық құрамның саны	Өндірістік кәсіпорындарда курстардан өткен профессорлық-оқытушылар құрамының саны	Пәннің бағыты бойынша курстарды аяқтаған профессорлық-оқытушылар құрамының саны	Қашықтықтан оқыту курстарын бітірген профессорлық-оқытушылар саны
3	4	16	12	5

2.6 БББ жетістіктерінің сипаттамасы

БББ рейтингі	Түлектерді жұмысқа орналастыру	Табысты түлектер	ПОҚ-ның ғылыми мақалаларының саны	Студенттердің жарияланған ғылыми мақалаларының саны	Білім алушылардың сайысының жеңімпаздары	Олимпиада жеңімпаздары
9-орын 2022 жыл ҰКП «Атамекен»	88 %	5	25	10	4	3

3. БББ дамыту жоспарымен шешілетін мәселелердің сипаттамасы және оларды шешу қажеттілігінің негіздемесі.

Бүгінгі күні БББ жүзеге асыру бойынша келесі мәселелер бар:

- студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының шет тілін жеткіліксіз білуі;
- ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылар құрамның жас ерекшеліктеріне байланысты БББ қамтамасыз ететін үлесінің төмендеуі;
- БББ бойынша контингент санының азаюы;
- кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамының импакт-факторлы журналдарда ғылыми мақалалар жариялауға мотивациясының төмендігі.
- мемлекеттік тілдегі оқу әдебиетінің жетіспеушілігі;
- халықаралық білім беру бағдарламаларының болмауы;
- оқу процесіне шетелдік профессорларды тарту деңгейінің жеткіліксіздігі;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарында әлеуетті іске асыру деңгейінің жеткіліксіздігі (конкурстарға, тендерлерге, қаржыландырылатын жобаларға қатысу).

4. Білім беру бағдарламасының даму жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері

БББ мақсаты – БББ 6В07303 «Жерге орналастыру және кадастр» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені қолдана білуін және оларды жүзеге асыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімді, дағдылар мен қабілеттерді, жалпы адамдық және әлеуметтік-жеке құндылықтарын қалыптастыру.

БББ дамыту жоспарын жасау кезінде оны жүзеге асыру үшін барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз ету ескеріледі.

6В07303 «Жерге орналастыру және кадастр» БББ негізгі міндеттері:

1. Жан-жақты гуманитарлық және жаратылыстану білімдері мен қызығушылықтары бар, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби өсуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру

2. Жинақталған тәжірибені сыни тұрғыдан қайта қарастыру, қажет болған жағдайда өзінің кәсіби қызметінің профилін өзгерту, болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын сезіну, кәсіби қызметті орындауға жоғары уәждеме беру қабілетін қалыптастыру.

3. Ұзақ және қысқа мерзімді жоспарлауда әртүрлі талаптар (құны, сапа, қауіпсіздік және орындау мерзімдер) арасында ымыраға келу және жерге орналастыру және кадастр саласында оңтайлы шешімдер қабылдау қабілетін қалыптастыру.

4. Ақпаратты жалпылау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау қабілетін қалыптастыру.

5. Ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, алынған ақпаратты жүйелеу және жалпылау қабілеті.

6. Тәжірибенің заманауи талаптары мен қажеттіліктеріне сай білім беру деңгейін көтеру.

7. Кадр ресурстарын дамыту.

8. Университетте де, одан тыс жерлерде де құрылған шет тілі курстарына міндетті түрде қатысу арқылы профессорлық-оқытушылар құрамның тілдік даярлығын күшейту.

9. Жұмыс берушілердің оқу үрдісіне қатысуын кеңейту.

10. Ғылыми жобалар және студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы аясында университеттің алыс және жақын шетел университеттерімен халықаралық ынтымақтастығын кеңейту.

5. БББ үшін ықтимал қауіптердің әсерін азайту шаралары

Ықтимал қауіптер атауы	Ықтимал қауіптерді жою шаралары	Жауапты	Орындау мерзімдері	Растайтын құжаттар
Білім беру бағдарламасына сұраныстың болмауы	Мектеп және колледж түлектері арасында тиімді кәсіптік бағдар	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ	Жыл сайын	Кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары;

	беру жұмыстарын жүргізу			қабылдау туралы бұйрық
Білім беру қызметтерінің жеткіліксіз (төмен) сапасының тәуекелі	Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу үрдісіне отандық және шетелдік серіктес университеттердің жетекші оқытушыларын тарту; өндірістен тәжірибелі мамандарды тарту	Кафедра меңгерушісі	Жыл сайын	Бұйрық
Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіз болу қаупі	Оқу процесін қажетті аспаптармен, жабдықтармен, көмекші және техникалық оқу құралдарымен уақытылы жабдықтау	Кафедра меңгерушісі, СТИ жетекшісі, бухгалтерия	Жыл сайын	Қызметтік жазбалар, өтініштер, төлемге шот-фактуралар
Студенттердің сабақтан тыс шараларға қатысуының төмендеуі қаупі	Студенттерді сабақтан тыс жұмыстарға қатысуға ынталандыру	Кафедра меңгерушісі эдвайзерлер, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары	Институттың, кафедраның тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес	Студенттердің іс-шараларға қатысуы туралы ақпараттар, хаттамалар
Ғылыми дәрежесі бар кадрлар мен докторантураны бітірген оқытушылардың жеткіліксіз болуы	Докторантураны бітірген және дәрежелі кадрлар мен оқытушыларды тарту	Кафедра меңгерушісі	Жыл сайын	Сәйкесті құжаттар

6. БББ дамыту іс-шараларының жоспары

№ р/с	Іс-шаралар	Өлшем бірлігі	2023-2024 о.ж.	2024-2025 о.ж.	2025-2026 о.ж.	2026-2027 о.ж.	2027-2028 о.ж.	2028-2029 о.ж.
1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ – «БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ КАДР ДАЙЫНДАУ»								
1.	Мүдделі тараптардың пікірлерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын жетілдіру және жаңарту	бірлік	-	1	1	1	1	1
2.	Жеке басылымдар арқылы оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттердің көлемін ұлғайту (оқу әдебиеттері, оқу-әдістемелік кешендер мен әдістемелік ұсыныстар, монографиялар қорын жүйелі түрде толықтыру)	бірлік	2	3	3	3	3	3

3.	Отандық немесе шетелдік ЖОО-мен кемінде 1 бірлескен білім беру бағдарламасын дайындау	бірлік	-	-	1	-	-	-
4.	Білім беру медиа-контентін әзірлеу және шығару (бейнедәрістер, онлайн курстар, жаппай ашық онлайн курстар)	бірлік	2	3	3	3	3	3
5.	Студенттердің сыртқы және ішкі «кредиттік» академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету	адам	2	3	3	3	3	3
6.	Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықты, БББ оқытушылар құрамы мен отандық және шетелдік серіктес университеттер арасындағы ғылыми байланыстарды дамыту	адам	-	1	1	2	2	2
7.	БББ студенттерінің кәсіби сертификат алу мүмкіндігін қамтамасыз ету	адам	3	4	4	4	4	4
8.	Шетел тілін меңгергенін растайтын сертификаттары бар ПОҚ үлесін арттыру	адам	-	-	1	1	1	1
9.	Бейіндік пәндерді оқыту әдістемесі және білім алушылардың оқу нәтижелерін меңгеруін бағалау бойынша ПОҚ біліктілігін арттыру курстарын өтуі	адам	1	2	2	2	2	2
10.	Мамандар үшін жаңа сұранысқа ие біліктілікті арттыру курсы ашу	бірлік	-	1	1	1	1	1
11.	Дуальды оқыту элементтерін енгізе отырып, ұйымдарда БББ кафедраның филиалымен қамтамасыз ету	бірлік	1	1	1	1	1	1
12.	Кәсіби қызметін алғаш бастаған оқытушыларға тәжірибелі педагог-тәлімгерді тағайындау	адам	-	1	1	1	1	1
13.	Оқу кабинеттері мен зертханаларды заманауи жабдықтармен және құрылғылармен жабдықтау	бірлік	1	1	1	1	1	1
14.	Бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу орталықтарын құру арқылы жұмысқа орналасқан түлектер санын арттыру	%	75	77	80	83	86	88
2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ – УНИВЕРСИТЕТТІК ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ								
15.	Ғылыми, өндірістік ұйымдармен/кәсіпорындармен, білім беру мекемелерімен ғылыми-білім беру арқылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және оларды университет ғалымдарының ҒЗТҚЖ іске асыруына тарту	бірлік	-	-	1	1	1	1
16.	Ғылыми басым бағыттар бойынша – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу үшін, сондай-ақ кәсіпорындар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің тапсырысы бойынша ғылыми жобаларды дайындау	бірлік	1	1	1	1	2	2
17.	Web of Science, Scopus, Agris, JSTORE халықаралық мәліметтер базасында индекстелген ҚР КОКШВО ҒЖБМ ұсынған басылымдарда жариялау мақсатында ғылыми мақалалар дайындау, сондай-ақ патенттер алу жұмыстарын жандандыру	бірлік	-	1	1	1	1	1

18.	Қазіргі заманғы ғылым жетістіктерін оқу үрдісіне енгізу. Шетелдік және отандық ғалымдарды бірлескен ғылыми зерттеулерге тарту	бірлік	-	1	1	1	1	1
19.	«Үздік ЖОО оқытушысы» байқауына қатысуды қамтамасыз ету	бірлік	-	1	1	1	1	1
20.	Студенттерді халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, конкурстарға және т.б. дайындау және қатыстыру	адам	2	2	3	4	4	4
3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ								
21.	Білім алушыларды азаматтық, патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында қоғамдық және әлеуметтік жұмыстарға тарту	адам	5	5	5	5	5	5
22.	Табиғатты қорғау жобаларына, сенбіліктерге және қаланы мен облысты көгалдандыру және абаттандыру бойынша қоғамдық қозғалыстарға қатысуға ПОҚ мен студенттерді тарту	адам	2	2	2	2	2	2
23.	Студенттерді әлеуметтік қолдау (оқу ақысы бойынша жеңілдіктер беру, жетім балалар, қорғаншылықсыз және қамқоршылықта қалған жетім балалар арасынан шыққан студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету, студенттік жатақханада тұру үшін жеңілдіктер, халықаралық, республикалық және қалалық фестивальдердің жеңімпаздары атанған студенттерге оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер, конкурстар, олимпиадалар және белсенді студенттер)	адам	1	2	3	3	3	3

7. БББ дің даму жоспарын жүзеге асыру механизмі

Аудандық және облыстық деңгейдегі білім беру ұйымдарының әкімшілігімен бірлесе отырып, абитуриенттерді ақылы келісім-шарт негізінде тарту мақсатында мектеп және колледж түлектері арасында белсенді кәсіптік бағдар жұмысын жүргізу, ауыл мектептерінен келген талапкерлерге ҰБТ-ға дайындық, таңдау бойынша консультациялық көмек көрсету. мамандығы бойынша ауыл мектептерінде ҰБТ пәндері бойынша олимпиада ұйымдастыру, факультетте «Ашық есік күнін» өткізу. Облыс әкімдерімен БББ оқытуға мақсатты гранттарды бөлу бойынша келіссөздер жүргізу. Осы саладағы кадрларды даярлаудың заманауи отандық және әлемдік тәжірибесін, жұмыс берушілердің талаптарын және еңбек нарығының сұранысын жалпылау негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын жыл сайын жаңарту.

Жұмыс берушілерді еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып элективті пәндердің каталогтарын әзірлеуге тарту. Практикаға бағытталған сабақтарды өткізуді жандандыру: дәріс беруші ретінде компания директорлары мен жетекші кәсіпорын мамандарын шақыру.

Мүдделі тараптардың ұсыныстарын ескере отырып, бірінші кезекте жұмыс берушілердің пікірлерін ескере отырып, ЭПК жетілдіру. Кафедрадағы ғылыми жұмысты белсенді, мемлекет қаржыландыратын зерттеулерге оқитын профессорлық-оқытушылар құрамын тарту және импакт-факторы жоғары журналдарда ғылыми нәтижелерді жариялау арқылы жандандыру. Профессор-оқытушылар құрамының сапалық жаңаруы дарынды жастарды педагогикалық және ғылыми қызметке тарту, сонымен қатар PhD докторантура арқылы өзіміздің кадрларды дайындау арқылы сабақтастық негізінде жүзеге асырылады. Студенттер мен оқытушылардың халықаралық академиялық ұтқырлығын олардың жеке оқу жолын құру және әлемнің әртүрлі университеттерінен білім беру бағдарламаларын таңдау, соның ішінде жетекші шетелдік

университеттерде студенттер мен оқытушылар үшін тағылымдамадан өту арқылы дамыту. Облыстағы жетекші кәсіпорындар базасында кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру. Облыстағы әртүрлі нысандардағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық бағыттарынан жұмыс берушілерді тарта отырып, жыл сайынғы «Түлектер жәрмеңкесін» ұйымдастыру және өткізу арқылы білім беру бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасқан түлектердің жоғары үлесін қамтамасыз ету.

8. БББ дамыту жоспарын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру білім сапасын арттыруға және сапалы білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кәсіби құзыреттіліктер Дублин дескрипторларына, кәсіби стандарттарға және жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес әзірленген білім беру бағдарламалары аясында қалыптасады. БББ дамыту жоспарын іске асыру нәтижесінде келесі әлеуметтік-экономикалық нәтижелерді қамтамасыз ету күтілуде:

- кәсіптік білім беру сапасын және соның нәтижесінде жерге орналастыру және кадастр саласындағы мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- әлеуетті жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын түлектерді дайындау;
- кәсіби кадрларды даярлаудағы жұмыс берушілердің рөлін арттыру;
- жетекші кәсіпорындар базасында кәсіби тәжірибені ұйымдастыру мүмкіндігі;
- білікті кадрларға сұранысты арттыру, олардың жас құрылымын оңтайландыру; - жастардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейту;
- оқу-материалдық базаны жаңарту (заманауи талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін оқу-зертханалық, компьютерлік-технологиялық база);
- Қазақстанның, жақын және алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту және профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру.- өндірістік кәсіпорындардағы түлектерге сұраныс;
- кәсіпорындарда тәжірибе базаларын, кафедра филиалдарын құру, студенттердің кәсіби аттестациясын ұйымдастыру, студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру;
- ғылыми жұмысқа белсенді, талантты, креативті ойлайтын жастарды тарту;
- профессорлық-оқытушылар құрамын Қазақстанның, жақын және алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарында тәжірибеден өтуін және оқуын ұйымдастыру.

9. Оқу деңгейлері бойынша БББ бітірушінің моделі

1. 6B07303 «Жерге орналастыру және кадастр» мамандығы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамаларына қойылатын талаптар:

1.1 Мамандықтың кәсіптік қызмет саласы болып табылады:

- Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау және Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі жер қатынастары;
- мемлекеттік және жергілікті органдарда, мемлекеттік, муниципалдық және жеке ұйымдарда жер және мүлік қатынастары саласындағы басқарушылық, экономикалық, маркетингтік және өзге де қызмет түрлерін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- жерді және жылжымайтын мүлікті жоспарлау және басқару;
- жылжымайтын мүлікті басқару, экономика және жылжымайтын мүлікті бағалау, инженерлік-геодезиялық ізденістер, жерге орналастыру және кадастрлар саласындағы, жылжымайтын мүлік объектілерін және жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және тіркеу саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;
- жылжымайтын мүлік пен аумақтарды есепке алу, бағалау және басқару саласындағы жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру.

1.2 Кәсіби қызметтің объектілері:

- республиканың барлық санаттағы, жеке меншік түрдегі және пайдалану нысандарындағы жер ресурстары;
- санаттары, нысаналы пайдалануы мен меншік нысандары бойынша бөлінуіне қарамастан қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің шекараларында орналасқан жылжымайтын мүліктің объектілері мен түрлері;
- санаттары бойынша бөлінуіне, нысаналы пайдаланылуына және меншік нысандарына қарамастан Республиканың барлық санаттағы жер ресурстары, жер иелену және жер пайдаланудың барлық түрлері;
- әкімшілік бірліктердің аумақтары;
- нысаналы мақсатына және берілген пайдалану құқығына байланысты жер пайдалану және жер учаскелері.

1.3 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері: геодезиялық, іздестіру, кадастрлық, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу жөніндегі нұсқауларға сәйкес орындау, оларды орындау технологиясын жетілдіруге қатысу. Кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес міндеттерді орындау. Жерге орналастыру бойынша жобалау-іздестіру жұмыстарының жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын жасау. Жерді бағалау жұмыстарын жүргізу, жердің сапасы нашарлаған жағдайда шығынды анықтау. Топырақтық, геоботаникалық зерттеулерді, топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу және олардың мәліметтерін геоақпараттық жүйелерді пайдалана отырып өңдеу. Жерге түгендеу жұмыстарын жүргізу. Жерге орналастыру жобаларын талдау. Жерге орналастыруды жобалау бойынша білімдерін қолдану. Технологияны пайдалана отырып қойылған мақсатты шешу еттілігін құрастыру. Жобалау әдістері мен кезеңдерін, сондай-ақ оларды нақты зерттеу объектілеріне қолдану. Геодезиялық, іздестіру, жерге орналастыру жұмыстарын орындау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізу, оларды орындау технологиясын жетілдіруге қатысу.

1.4 Кәсіби қызмет түрлері:

6B07303 «Жерге орналастыру және кадастр» БББ бағдарламасы түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- ұйымдастырушылық-технологиялық;
- өндірістік-басқарушылық;
- есеп айырысу және жобалау;
- тәжірибелік-іздестірушілік;
- өндірістік-технологиялық;
- эксперименттік-зерттеушілік;
- жобалық.

1.4.1 Ұйымдастырушылық-басқару қызметі:

- геодезиялық, жерге орналастыру және кадастрлық жұмыстарды, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды, мониторинг және басқа да барлау-іздестіру жұмыстарын жүргізу процестерін басқару және ұйымдастыру;

- геодезиялық, топографиялық түсірістерді ұйымдастыру және жүргізу, жоспарлау және картографиялық материалды түзету, жер учаскелерін тіркеу және есепке алу, жер учаскелерін беру және құқықтық құжаттарды рәсімдеу;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен елді мекендер жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- барлық санаттағы жерлердің, жермен және жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүргізудің мониторингін жүзеге асыру;

- жер баланстарын, жер-кадастрлық құжаттар мен карталарды, мелиоративтік және жерді жақсарту жобаларын жасау.

1.4.2 Эксперименттік зерттеу қызметі:

- жер кадастры, жер мониторингі, жерді бағалау бойынша ғылыми зерттеулер мен іздестірулер жүргізу;
- жерге орналастыру және жер кадастры бойынша тәжірибелік зерттеулер мен іздестірулер жүргізу;
- жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау, жер ресурстарын басқару және т.б. бойынша зерттеулер;
- жер қатынастарындағы отандық және шетелдік тәжірибенің ғылыми-техникалық ақпаратын зерттеу.

2 Оқыту нәтижелері (негізгі құзыреттер)


6B07303 «Жерге орналастыру және кадастр» БББ бағдарламасының түлектері келесі негізгі құзыреттерге ие:

- мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынасқа; қазіргі әлемдегі ұтқырлыққа, сыни тұрғыдан ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге, Қазақстанның тарихи және экономикалық дамуының бірегейлігін терең түсінуге және ғылыми талдауға негізделген азаматтық ұстанымды көрсетуге қабілетті.
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің базалық білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларында жағдаяттарды беруді; нақты ғылымды зерттеудің ғылыми әдістері мен әдістемелерін пайдалануды; жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетуді; қазақ қоғамының қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен әрекет етуді біледі.
- жер қатынастарын реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, жобалау әдістері мен техникалық-экономикалық есептерді жүргізуді, жерге орналастыру жобаларына (схемаларына) және жерге орналастыру мен қала кадастрларының автоматтандырылған жүйелеріне қойылатын техникалық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік талаптарды пайдалануды біледі.
- ақпаратты қажеттілік, маңыздылық, функционалдық пайдалануды, құндылық критерийлері бойынша жүйелеуді; жерді есепке алу жұмыстарын жүргізуді және тиісті құжаттамалық іс-әрекеттерді орындауды, жер-кадастрлық деректерді ақпараттық пайдалану қорларын құруға және пайдалануға байланысты әдістемелік материалдардың, нұсқаулықтардың және басқа да техникалық құжаттамалардың жобаларын дайындауды біледі.
- жер және жылжымайтын мүлік мониторингі технологияларын және заманауи әдістерінің білімін пайдалануға, жер, қала құрылысы, су, орман және басқа да кадастр түрлерін жүргізуге және деректер қорын қалыптастыруға қабілетті.
- озық тәжірибені және жер-кадастрлық жүйелерін пайдалану мақсатында автоматтандырылған жер-кадастр жүйелерін жобалауды және қолдануды біледі.
- жерге орналастыруда және кадастрада зерттеу жұмыстарын жүргізуге және нәтижелерін талдауға қабілетті.
- жоспарлауда, эксперименттер мен өлшемдерді жүргізуде инновациялық әдістерді қолдануға, жерге орналастыру, мониторинг, жер кадастрларын бақылау саласындағы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау үшін модельдер мен жүйелерді құруға қабілетті.
- заманауи географиялық және жер-ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі – ГАЖ және ЗАЖ) жылжымайтын мүлік объектілері туралы ақпаратты жинау, жүйелеу, өңдеу және есепке алудың заманауи технологияларының білімін пайдалануға қабілетті.

Сәулет және құрылыс кафедрасы отырысында қаралды

«26» 10 2023 ж.

Сәулет және құрылыс кафедрасының меңгерушісі



К.А. Нариков

Келісілді:

Батыс Қазақстан облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ филиалының кадастр бойынша бас сарапшысы

Л.М. Митяшина

«Батыс Қазақстан облысы бойынша жер қатынастар басқармасы» ММ мемлекеттік қызмет көрсету және геоақпараттық мониторингі бөлімінің басшысы

Ж.И. Ашикпаев

"Топография" ЖШС директоры

Р.Е. Гайсин

